

Қазақстан Республикасының халықаралық мемлекеттік кеме тізілімінде кемелерді мемлекеттік тіркеу

| | |
|------------------------------------|---|
| Мемлекеттік орган | Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі (Көрсетілетін қызметті беруші - Порттың теңіз әкімшілігі) |
| Қызметті алушылар | жеке және заңды тұлғалар |
| Қызмет көрсету орны | 1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы; 2) www.egov.kz "электрондық үкіметтің" веб-порталы. |
| Қызметті көрсету мерзімдері | 2 (екі) жұмыс күні |
| Қызмет құны | 1) мемлекеттік тіркеу үшін - 60 АЕК; 2) қайта тіркеу үшін - 30 АЕК құрайды. |
| Құжаттар тізбесі | <p>Меншік құқығындағы теңіз кемесін тіркеу үшін:</p> <ol style="list-style-type: none">1) кемеге меншік құқығын растайтын құжат;2) өлшеу куәлігі;3) сыныптау куәлігі;4) осы мемлекеттің туын ауыстырғанға дейін тікелей тіркелген тізілімнен шет мемлекеттің кемесінің алынып тасталғанын және ипотека ауыртпалығы жоқтығын куәландыратын құжат. <p>Теңіз кемелерінің мемлекеттік кеме тізілімінде кемеңіз тіркелуі жарамды болған жағдайда теңіз кемесінің Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығы туралы куәлік және кемеге меншік құқығы туралы куәлік тек көшірмелері ғана ұсынылады.</p> <p>Бербоут-чартер бойынша пайдалануға ұсынылған теңіз кемесі үшін Қазақстан Республикасының мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығын уақытша беру туралы уәкілетті орган шешімінің көшірмесі ғана ұсынылады.</p> <p>Бербоут-чартер тізілімінде кемеңіз тіркелуі жарамды болған жағдайда бербоут-чартер шарттарында жалға алынған шетелдік теңіз кемесіне Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығын уақытша беру туралы куәліктің көшірмесі ғана ұсынылады.</p> |
| Қызмет көрсету нәтижесі | 1) меншік құқығындағы теңіз кемесі үшін: Теңіз кемесінің Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығы туралы куәлік; кемеге меншік құқығы туралы куәлік; |

кеменің Қазақстан Республикасының халықаралық кеме тізілімінен шығарылғаны туралы куәлік;
мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы уәждеделген жауап;

2) бербоут-чартер бойынша пайдалануға ұсынылған теңіз кемесі үшін:

бербоут-чартер шарттарында жалға алынған шетелдік теңіз кемесіне Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығын уақытша беру туралы куәлік;

мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы уәждеделген жауап;

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық / қағаз түрінде.

**Мемлекеттік көрсетілетін
қызмет стандарты**

<http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020586>